

**Астана қаласы "Алматы", "Сарыарқа" және "Есіл" аудандарының шақыру учаскелеріне 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында азаматтарды тіркеу туралы**

***Күшін жойған***

Астана қаласы әкімінің 2009 жылғы 1 желтоқсандағы N 33-18 Шешімі. Астана қаласының Әділет департаментінде 2009 жылғы 29 желтоқсанда нормативтік құқықтық кесімдерді Мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 607 болып енгізілді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімінің 2010 жылғы 10 қарашадағы N 33-15 Шешімімен.

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімінің 2010.11.10 N 33-15 Шешімімен.**

**Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 10-тармақтан қараңыз.**

"Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының (бұдан әрі - Заң) 17-бабын, "Қазақстан Республикасында әскери міндеттілер мен әскерге шақырылушыларды әскери есепке алуды жүргізу тәртібі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 5 мамырдағы № 371 қаулысын орындау үшін, тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды және жасы асқан азаматтарды, олардың санын, әскери қызметке жарамдылығын және денсаулық жағдайын анықтау, жалпы білім деңгейін және мамандығын белгілеу, дене даярлығы деңгейін анықтау, әскерге шақырылушыларды алдын ала белгілеу, әскери-техникалық мамандықтар бойынша даярлау және әскери оқу орындарына түсу үшін кандидаттарды іріктеу мақсатында Астана қаласының ә к і м і

**Ш Е Ш Т І :**

1. 2010 жылдың қаңтар-наурыз айларында, тіркелетін жылы он жеті жасқа толатын еркек жынысты азаматтарды, сондай-ақ бұрын тіркеуден өтпеген, жасы асқан азаматтарды Астана қаласы "Алматы", "Сарыарқа" және "Есіл" аудандарының шақыру учаскелеріне тіркеу жүргізілсін, ол үшін Заңның 17-бабына сәйкес "Алматы", "Сарыарқа" және "Есіл" аудандарының әкімдері тіркеу жөнінде комиссиялар құрсын және олардың жұмысын қамтамасыз етсін.

2. "Астана қаласының Денсаулық сақтау басқармасы" мемлекеттік мекемесі:

1) медициналық комиссияларды персоналмен қамтамасыз етсін;

2) медициналық комиссияларды тиісті мүлікпен, құрал-саймандармен және ж а б д ы қ п е н қ а м т а м а с ы з е т с і н ;

3) тексеру актісін жасаумен комиссия белгілеген мерзімде тіркеуге жататын

азаматтарды емдеу мекемелерінде тексеруді және емдеуді ұйымдастырсын;

4) қаланың емдеу-алдын алу мекемелерінде флюорографиядан өтуді, қан, несеп анализдерін тапсыруды, электрокардиограммаға түсіруді, сондай-ақ тісін емдетуді қажет ететін азаматтардың ауыз қуысын емдеуді ұйымдастырсын;

5) медициналық комиссиялардың жұмысын "Алматы", "Сарыарқа" және "Есіл" аудандарының әкімдері бекіткен кестеге сәйкес ұйымдастырсын.

3. "Астана қаласының Білім басқармасы" мемлекеттік мекемесі:

1) тіркеуге жататын азаматтардың шақыру пунктiне келуiн, әскер жасына дейiнгi азаматтардың әскери есепке тұруына байланысты мiндеттердi орындау үшін қажеттi уақытқа оларды оқудан босатуды;

2) тіркеуге жататын азаматтарға оларды аудандық Қорғаныс істері жөнiндегi басқармасына шақыру туралы хабарлауды және осы шақыру бойынша олардың уақытында келуiн қамтамасыз етсiн.

4. "Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Астана қаласының Ішкі істері департаменті" мемлекеттік мекемесі:

1) әскери мiндеттiлiктi орындаудан жалтарған тұлғаларды iздестiрiп, ұстауды жүргiзсiн ;

2) азаматтарды шақыру учаскесiне тіркеу жөнiндегi комиссияның жұмысы кезiнде тіркеудiң барлық кезеңiне (2010 жылдың қаңтар-наурыз айлары) қызметкер бөлiмен шақыру пунктiнде қоғамдық тәрiптi сақтауды қамтамасыз етсiн .

5. "Астана қаласының Жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы" мемлекеттік мекемесі "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес 2010 жылдың 1 қаңтары мен 31 наурызы аралығында тіркеуге жататын азаматтарға хабарлау, техникалық жұмыстарды орындау үшін 30 жұмыссыз азаматты Астана қаласының Қорғаныс істері жөнiндегi департаментiне жiберу арқылы төленетiн қоғамдық жұмысты ұйымдастырсын .

6. "Астана қаласының Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, апаттардың және дүлей апаттардың алдын алуын және жоюын ұйымдастыру жөнiндегi басқармасы" мемлекеттiк мекемесi осы мақсаттар үшін бөлiнген қаражат шегiнде әскери мiндеттi орындауды қамтамасыз етуге байланысты iс-шараларды қаржыландыруды жүргiзсiн.

7. "Астана қаласы "Алматы", "Сарыарқа" және "Есіл" аудандарының шақыру учаскелеріне 2009 жылдың қаңтар-наурыз айларында азаматтарды тіркеу туралы " Астана қаласы әкімінің 2009 жылғы 26 қаңтардағы № 33-4 (Астана қаласының Әділет департаментімен 2009 жылғы 16 ақпанда № 561 болып тіркелген; 2009 жылғы 21 ақпанда "Астана ақшамы" газетінің № 20 нөмірінде және 2009 жылғы 21 ақпанда "Вечерняя Астана" газетінің № 22 нөмірінде жарияланған) шешімінің

күші жойылды деп танылсын.

8. "Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті" мемлекеттік мекемесі осы шешімді Астана қаласының Әділет департаментіне мемлекеттік тіркеу үшін ұсынсын.

9. Осы шешімнің орындалуын бақылау Астана қаласы әкімінің орынбасары Е.Т. Қожағапановқа жүктелсін.

10. Осы шешім әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін он күннен соң күшіне енеді.

*Әкім*

*И. Тасмағамбетов*

*Әкімнің орынбасары*

*Е.Т. Қожағапанов*

*бөлімнің меңгерушісі*

*Мемлекеттік - құқықтық*

*Ж.Б.Ертаев*

*"Астана қаласының Жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, апаттардың және дүлей апаттардың алдын алуын және жоюын ұйымдастыру жөніндегі басқармасы" мемлекеттік*

*мекемесінің бастығы*

*Т.Ө.Ермеков*

*КЕЛІСІЛДІ*

*"Қазақстан Республикасы*

*Ішкі істер министрлігі*

*Астана қаласының Ішкі істер департаменті" мемлекеттік*

*мекемесінің бастығы*

*М.Ғ.Демеуов*

*2009 жылғы 26 қараша*

*"Астана қаласының Қорғаныс істері жөніндегі департаменті"*

*мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*Қ.Т.Мыңжанов*

*2009 жылғы 25 қараша*